



Сыр бойы

10 қыркүйек, сейсенбі 2024 жыл



- www.facebook.com/syrboyi.kz/
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

№139 (20813)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ПРЕЗИДЕНТ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, егін орағы және су тасқынынан зардап шеккен өңірлердегі тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстары туралы баяндалды.

Олжас Бектеновтің айтуынша, биыл өңдеу өнеркәсібі және құрылыс саласы экономикалық дамуың негізгі факторына айналды.

Ауыл шаруашылығында да айтарлықтай өсім бар. Еліміздегі негізгі дәнді дақылдар алқабының 4,5 миллион гектарға жуығы немесе 27 пайызы жиналған. Орта есеппен бір гектардан 15 центнер өнім алынып отыр. Шамамен 6,6 миллион тонна астық бастырылды. Бұл былтырғы көрсеткіштен 40 пайызға артық. Шаруашылықтарға арзандатылған дизель отынын жеткізу кестеге сай жүргізіліп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды баспанамен қамту жөнінде мәлімет берілді. Бүгінге дейін 7463 отбасы жаңа қонысқа көшті. 479 баспананың құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар 9171 отбасына жөндеу жұмыстары үшін өтемақы төленді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жүргізіліп жатқан жұмыстың маңызын атап өтіп, елімізді одан әрі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуға қатысты бірқатар тапсырма берді.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандармен және жұртшылықпен бірге V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсімін тамашалады.

«Астана Арена» стадионында өткен шараға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түрікменстан Халқ Мәслихатының төрағасы Гурбангулы Бердімухамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Саха Республикасының басшысы Айсен Николаев, Моңғолияның бұрынғы президенті Энхбаяр Намбарын, Дүниежүзілік этносспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, сондай-ақ ЮНЕСКО, АӨСПК, БҰҰ Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҰРКСОЙ, Түркі инвестициялық қоры, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Ислам спорт қауымдастығы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының басшылары, Еуропа Одағының Орталық Азиядағы арнайы өкілі және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

Дүбірлі доданың ашылу салтанатында қазақ жерін мекен ететін түрлі этнос өкілдерінің балалары Қазақстан Республикасының Туын алып шықты. Бұдан кейін еліміздің Әнұраны шырықалды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша жарысқа қатысушы мемлекеттер

«БҰЛ ОЙЫНДАР ДАЛА ӨРКЕНИЕТІН ЖЕР-ЖАҒАНҒА ПАШ ЕТЕДІ»



спортшыларының шеруі өтті. Биылғы Көшпенділер ойындарына Азиядан, Еуропадан, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан, Африкадан, сондай-ақ Австралиядан спортшылар келді.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, әлемдік ауқымда өтіп жатқан айрықша маңызды іс-шараға қатысу үшін Қазақстанға келген бауырлас мемлекеттердің басшыларына, мәртебелі меймандарға және спортшыларға шынайы алғысын жеткізді.

Президент көшпенділер өркениеті дүниежүзі тарихында өшпес із қалдырған өркениет екенін айрықша атап өтті.

– Ұлы дала көшпенділері ежелден байтақ Еуразияны мекен еткен. Олар жаһандық даму үдерісіне түбегейлі

жылқыны қолға үйретті. Дүниені дүбірлеткен салт аттылар мәдениетін қалыптастырды. Қуатты қару-жарақ пен ғажайып зергерлік бұйымдар жасап шығарды. Сак дәуірінің Алтын аламырақтары – соның айқын дәлелі. Қазақ жерінен әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи сынды ғұламалар шыққан. Олар ілім-ғылымның дамуына орасан зор үлес қосты. Біздің бабаларымыз алып мемлекеттер құрды, үлкен қалалар салды. Ұлы далада Отырар, Түркістан, Тараз, Сарайшық сияқты сәулетті шаһарлар бой көтерді. Көшпенді жұрт батыс пен шығысқа көпір болып, түрлі мәдениеттің жақындасуына әсер етті. Осы жерде ежелгі Ғұн империясы, одан соң Түрік қағанаты салтанат құрды. Олардың даңқты жолын Алтын Орда мен Қазақ хандығы жалғастырды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Көшпенділер ойыны бабалар аманат еткен қастерлі мұраны көздің қарашығындай сақтап, жас буынға табыстау мақсатынан туған бірегей жоба екенін айтты.

– Он жыл бұрын осы жарысты алғаш ұйымдастырған қырғыз бауырларға алғыс айтамын. Бұл – ұлттық спорт

түрлерінен өтетін әлемдегі ең ірі дода. Оны Көшпенділер олимпиадасы деуге болады. Бұл ойындар дала өркениетін жер-жағанға паш етеді. Спорт – өзара құрмет пен сыйластық символы. Спорттың басты миссиясы – халықтар достығын нығайту. Қазақстан бүкіл әлемге бейбітшілік пен келісім мекені ретінде танымал. Елімізде түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біз алыс-жақын шетелдің бәрмен тығыз байланыс орнаттық. Басқа мемлекеттер де өзара достық қатынаста болғанын қалаймыз. Сондықтан Көшпенділер ойындары ынтымағымызды бекемдей түспек, – деді Президент.

Төрткүл дүниені жайлаған көшпенділер өркениетінің бай мәдениеті мен тағылымды тарихын, салт-дәстүрін паш етіп, адамзат баласын ортақ үйіміз – Жер-ананы сақтауға үндеген ашылу салтанаты бірнеше эпизодқа ұласты.

Сонымен қатар салтанатты жиында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Роман Скляр, Дүниежүзілік этносспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған сөз сөйледі.



11 БАЛА, 43 НЕМЕРЕ, 66 ШӨБЕРЕ



Астана қаласындағы «Қазмедиа» орталығында республиканың түкпір-түкпірінен жиналған мерейлі отбасыларды салтанатты марапаттау іс-шарасы өтті. Оған ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.Әшімбаев, Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева, Мәжіліс депутаттары, Үкімет мүшелері қатысты.

Салтанатты іс-шараға Қызылорда облысынан барған Бектаевтар отбасы «Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық конкурсының лауреаты атанды.

Еңбек ардагерлері Төлеміс Бектаев ақсақал мен Сәнімкүл Әшірбекова әжейдің шаңырағынан 11 пер-

зент өрбіген. Ауыл шаруашылығы саласындағы ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атанған Төлеміс ақсақал «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалдарымен марапатталған. Батыр ана Сәнімкүл Әшірбекова қажырлы еңбегі

үшін «Халықтар достығы» орденін иеленген.

Бектаевтар әулетіндегі 11 баладан 43 немере, 66 шөбере және екі шөпшек тараған. Бұл әулеттің үлкен-кішісі еңбектің қадірін біледі және оны барша игіліктің бастауы деп санайды. Бүгінде Бектаевтар отбасы Сыр өңірінің экономикалық әлеуетін арттыруға, ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосып қана қоймай, өңірдегі маңызды іс-шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып келеді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

СЫННАН НӘТИЖЕ ШЫҒУЫ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте теміржол вокзалдарындағы тазалық, көркейту мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы теміржол вокзалының сырт келбетіне, ондағы жолаушыларға жасалған жағдайға қарап өңір имиджі қалыптасатынын атап өтіп, нысан аумағында тазалық сақталмайтынын қатан сынға алды.

– Өткен жылы Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалының ескі ғимаратына «Қазақстан Темір жолы» компаниясының, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 577 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді.

Ондағы жұмыс аяқталғаннан кейін вокзалға барып, тазалыққа байланысты ескерту жасап, бірнеше тапсырма бердім. Алайда бұл тапсырмалар әлі күнге дейін толық орындалмай келеді. Қала әкімдігі сол аумақты абаттандырып, брусчатка төседі.

Екі жолаушылар платформасы жаңадан асфальтталып, жарықшамдар орнатылды. Жөндеу жұмыстары өткен жылы ғана жүргізілгенімен, брусчатқалардың қазіргі жағдайы сын көтермейді. Құрылысқа пайдаланылған заттар жиналмаған. Манайындағы дүңгіршіктерді перроннан түсіріп, төменге орналастыруды тапсырғанмын. Алайда дүңгіршіктер бүгінгі күнге дейін алынбай, нысанның көрін бұзуда.

Вокзал – қаланың, аймақтың айнасы, өйткені, келген қонақтар да, инвесторлар да алдымен теміржол вокзалымен танысады. Өрлі-берлі өткен жолаушылардың да вокзалдағы тәртіп пен тазалыққа қарап Қызылорда туралы пікірі қалыптасатыны белгілі, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Облыс әкімі барлық теміржол вокзалы аумақтарын ретке келтіруді, тазалық жұмыстарын күнделікті жүргізуді талап етті. Мұнан бөлек, вокзалдың сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсетуі де мінсіз болуы қажеттігін қаперге салды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЕГІН – 2024

КҮРІШ ОРАҒЫ ЖАЛҒАСУДА

Биыл дақылдарды тұрақты суаруға 3,7 млрд текше метр су лимиті белгіленген. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірде барлығы 189,4 мың гектарға егін егілді. Ал негізгі дақыл – күріштің көлемі 85,6 мың гектар. Дәнді дақылдар 96,8 мың, майлы дақылдар 4,8 мың, малазықтық дақылдар 70,2 мың, картоп, көкөніс, бақша 17,6 мың гектарды құрайды. Жалпы егін көлемі өткен жылмен салыстырғанда 3,9 мың гектарға кеміп, оның ішінде күріш көлемі 3,4 мың гектарға қысқарған. Биыл егінді әртарапандыру бағытында қосымша соя 111 гектарға, қант құмайы 240 гектарға, дан жүгері 1 мың гектарға, сүрлем жүгері 1,3 мың гектарға жеткізілген.



4-бет

БЕРЕКЕЛІ «БЕСАРЫҚ»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, «Бесарық» ауылындағы жобалармен танысты.

«Бесарық» – «Үлгілі елді мекен» байқауында жеңімпаз болған ауыл. Тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіндегі көптеген мәселенің шешімі табылған. Биыл да бірқатар тың жоба қолға алынған.

Алдымен аймақ басшысы «Абай-Дәулет» ЖШС бастама-сымен негізі қаланған фри зауытының және супермаркеттің құрылыс алаңына барды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа Жолдауында өндірісті, шағын және орта кәсіпкерлікті жүйелі түрде дамытып, бәсекелестік арқылы бәріне бірдей мүмкіндік беру қажеттігін атап өтті. Аймақта осы бағыттағы ауқымды істердің өрісі кеңеюде. Өткен жылы Қызылордада серіктестіктің «Kaz Fries» мұздатқыш фри өндірісі зауыты пайдалануға берілгені белгілі.



Жаңа зауыттан шыққан жар-тылай дайын өнім қолжетімді багада халыққа ұсынылды. Сондай-ақ көрші өңірлерге, шетелдерге экспортталуда. Фри за-

уытында сағатына 300 келі өнім шығарылады. Өндірісте 18 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта осындай фри өндірісі «Бесарықта» да бо-

лады. Мұнан бөлек, серіктестік ауыл тұрғындары үшін заманауи сауда үйін салуда. «Бесарықтағы» мәдениет үйіне барған аймақ басшысы

мұндағы жұмыстармен танысты. Ауылдық мәдениет ошағының 1979 жылы салынған бұрынғы ғимараты қайта жаңғыртылуда. Ғимараттың заманауи талаптарға сай болуына басты назар аударылған. Көрермендер залының төбесі, сахналық төсеніші, пердесі, орындығы жаңартылып, музыкалық аппаратура, ЛЭД-экран алынды. Жаңа үлгідегі жарықшамдар орнатылды. Сонымен қатар, мәдениет үйіндегі кітапхана қайта жабдықталды. Жөндеу жұмыстарына «Абай-Дәулет» ЖШС демеушілік еткен.

Ауылдағы орталық алаңды жөндеуге де серіктестік 65 млн теңге қаражат бөлді. Алаң ортасына субұрқақ «Ана бақыты» мүсіні орнатылған.

Аймақ басшысы аудан әкімі Берік Сәрменбаевқа ауылдағы нысандарды мерзімінде салып бітіру, олардың сапасын жіті қадағалау туралы тапсырма берді. Сондай-ақ ғимараттар аумағы абаттандырылып, көгалдандырылуы тиіс.

«КІТАП ЖӘНЕ ҚАЛАМГЕР»

Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасында Қызылорда облысы әкімдігінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдығына, Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толуына орай «Кітап және қаламгер» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.



Максаты – ұлт руханияты мен мәдениетінің қарашанырағы Одақ қызметін, жетістіктерін, Қазақстанның Еңбек ері, Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмір жолын, шығармашылығын насихаттау.

Конференцияда Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов, Ұлттық кітапхана директоры Бақытжамал Оспанова құттықтау сөз сөйледі. Оларға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың арнайы алғыс хатын табыстады.

Іс-шара аясында Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі Қаршыға Есімсейітова «Сыр елінде қазақ әдебиетінің бастау алуы» тақырыбында баяндама жасады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері, эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы, Қазақстанның Еңбек ері, жазушы, драматург Дулат Исабеков және жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығы жайында естеліктер айтты.

Ұлттық кітапхана қорына Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы Сыр өңірі ақын-жазушыларының кітаптарын сыйға тартты.

Конференция қатысушылары «Жыр-әннің елі, Тұранның төрі – Сыр елі» атты Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдық тарихи кезеңдерін қамтитын, Қазақстанның Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап және архив құжаттарының көрмесімен танысты. Ұлттық кітапхана қорынан ұйымдастырылған «Жазушылар одағының құрылғанына 90 жыл», қазақстандық фотожурналистиканың негізін қалаушылардың бірі, белгілі фототілші Сайлау Пернебаевтың архив қорынан алынған фотокөрмелерді көрді.

Қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына арналған рухани-мәдени шаралар өңірімізде де, туған жерінде де өткізіледі.



ОБЛЫСТА 380 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Президент Жарлығына сәйкес, елімізде 6 қазан күні Республикалық референдум өткізіледі.

Азаматтар «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісіз бе?» деген сауалы бар бюллетень алып, дауыс береді.

ҚР Орталық референдум комиссиясы «Республикалық референдумды өткізу және ұйымдастыру» мәселелеріне арналған Күнітзбелік жоспарды бекітті.

Қазіргі таңда референдумды ұйымдастыру мәселелеріне қатысты дайындық жұмыстары жүргізілуде.

– Референдум күні Қызылорда өңірінде **380 референдум учаскесі** жұмыс жасайды. Оның 126-сы Қызылорда қаласында, қалғандары аудандарда.

Облыс бойынша **2652 учаскелік референдум комиссиясының мүшесі** қызмет атқарады.

Қазіргі таңда учаскелерді жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Дауыс беру кабинеттері арнайы ширмамен жабдықталып, мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы жағдайлар жасалады. Бұл ретте жергілікті әкімдіктермен бірлескен жұмыс бар.

Аймақта **497 950 дауыс беруші азамат тізімге енгізілген**. Тұрғындардың тізімі **15 қыркүйекке** дейін өзектендіріліп, тиісті учаскелерге ұсынылады. Әрі қарай учаскелер дауыс беруші азаматтар тізімімен жұмыс жүргізіледі, – деді Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Әділбек Ерұлтанов.

Комиссия мүшелерінің біліктілігін арттыру бағытында оқыту жұмыстары жүргізіледі. Көшпелі оқытуға қала және аудандарда аумақтық сайлау комиссиясының **56 мүшесі** мен учаскелердегі **1692 комиссия** мүшесі қамтылады. Қалған комиссия мүшелері **қасқад әдісімен** оқытылады.

Бүгінгі күні Қызылорда облысында **24 қоғамдық бірлестік** аккредитациядан өткізілді. Олар Референдум процесі кезінде бақылау жұмыстарын жүргізе алады.

Жергілікті әкімдіктің қолдауымен сайлау науқанында азаматтардың дауыс беру учаскесін нақтылау үшін «**Өзіндік сайлаушылар тізімін тексеру**» сервисі іске қосылды. Әрбір тұрғын үшін referendum.orda.gov.kz сайты қолжетімді. Мұнда азаматтар ЖСН теру арқылы өз учаскесін анықтай алады. Сондай-ақ, **109 call-орталығы** өз жұмысын бастады.

«СБ» ақпарат

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қызылорда қаласында салынған білім ордасына барып, жұмыс барысымен танысты. Онда облыстық мәслихат хатшысы Мұрат Тілеуімбетов, облыс әкімінің орынбасарлары, жауапты басқарма басшылары, қала әкімі болды.

АЛҒАШҚЫ «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖАҚЫН КҮНДЕРІ АШЫЛАДЫ

Қазір мектеп құрылысы аяқталуға жақын, таюуда ел игілігіне табысталады. Сол жағалаудағы заманауи ғимарат 900 орынға арналған.

Ұлттық жобамен Қызылорда облысында 2025 жылға дейін 15 100 орынға арналған, құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектеп бой көтереді деп жоспарланған.

Жайлы мектеп ауыл-аймақтар мен қалаларда бірыңғай стандартпен салынады. Басты ерекшелігі, бастауыш пен жоғары сынып оқушылары екі бөлек блокта білім алады. Балалардың қауіпсіздігі үшін әр блокта бейнебақылау, дыбыстық хабарлау сынды күшейтілген қауіпсіздік құрылғылары орнатылған. Сондай-ақ оқушылардың оқу құралын, ауыстыратын киімін қоюға арналған шкафтармен жаракталады. Бос уақытты тиімді өткізуге, шығармашылығын шыңдауға да лайықты жағдай жасалады. Бұл білім ошақтарында физика, химия, биология және робот-

техника сыныбы заманауи құралдармен жабдықталады. Жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылып, сыныптарға touch-экрандар қойылады. Бұдан бөлек, ерекше балалардың білім алуына да бар мүмкіндік жасалады. Оқушылар мектеп қабырғасында спортпен еркін айналыса алады. Жайлы мектептің жобалық қуатына сәйкес бірнеше спорт залы болады. Мұндай мектепте тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де жайлы жағдай жасалады. Білім ошағына қатынайтын қоғамдық көліктен, жаю жүргініштері жолынан, жарық бағаналарынан мәселе туындамайды.

Аймақта салынатын жайлы мектептердегі құрылыс барысы облыс әкімінің ұдайы назарында. Нұрлыбек Машбекұлы құрылысты мерзімінде аяқтаудың әрі сапалы етіп салудың өте маңызды екенін тағы да қатаң ескертіп, жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал талқыланды. Мәжіліс қорытындысымен аймақ басшысы құзырлы органдарға бірқатар тапсырма берді.

Жиында тұрғындар жиі көтеретін өзекті мәселелер талқыланып, шешу жолдары қарастырылды.

Мәжіліс қорытындысымен аймақ басшысы құзырлы органдарға бірқатар тапсырма берді.

БАСТЫ ТАЛАП – САПА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының құрылыс нысандарындағы жұмыс барысын көрді.



Суретері түсірген Б.Есжанов

Алдымен сол жағалаудағы үстел теннис орталығына барды. Орталықтың бас мердігері – «СК Дәнекер», бас жобалаушысы – «Шынар Проект және Компания», техникалық қадағалаушы – «Нұрәлем Құрылыс» серіктестіктері.

Айта кетейік, облыста бұқаралық спортпен шұғылданағындардың үлесі 39 пайызға, яғни, 328 597 адамға жетті. Халықты салауаттылыққа ынталандыру үшін талапқа сай спорт нысандары қолжетімді болуы керек. Сол үшін аудандарда 11 денешынықтыру кешені салынып, Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай келетін орталық стадион және жабық бассейні

бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталады.

Мұнан кейін Нұрлыбек Машбекұлы «Оқушылар сарайының» құрылыс алаңына барды. 350 орынға арналған заманауи үлгідегі нысан қосымша білім мен тәрбие ордасына айналды, онда жеткіншектердің бос уақытын тиімді, пайдалы өткізуіне ынталы мүмкіндіктер жасалады.

Облыс орталығындағы құрылыс нысандарын аралап шыққан аймақ басшысы ең басты талап сапа екенін ескертті.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС – АЛҒА ҰМТЫЛЫС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының құрылыс нысандарындағы жұмыс барысын бақылады.

Алдымен Тәуелсіздік даңғылындағы жөндеу жұмыстарын көрді.

Өткен жылы өңірде 38 млрд теңгеге 671 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 87,5 пайызға жеткен еді. Осы жылдың қорытындысымен бұл көрсеткішті 92 пайызға жеткізу жоспарлануда. Жергілікті жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ұсынылған 61 млрд теңге бюджеттік өтінімінің 30 млрд теңгесі қолдау тапты, 215 шақырым автомобиль жолдары, көпір өткелдері және көшелер жөнделді. Жыл соңына дейін қаржыландыру көлемі тағы да ұлғайтылады. Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерге 28,3 млрд теңгеге өтім беріліп, оның 12 млрд теңгесі қолдау тапты. Айта кету керек, өткен жылы Қызылорда қаласында 11 млрд теңгеге 82 шақырым болатын 267 көше жөндеуден өтті.

Жол құрылысынан кейін облыс әкімі «Жан-Арай» өндірістік кешеніндегі жеміс-жидек сақтау қоймасын көрді.

Кешенде күріш жармасы халықаралық стандарттарға сай өңделіп, түйіршіктелген құрама жем өндіріледі. Қазіргі таңда зауытта 1500 тонна жеміс сақтау қоймасы салынууда, оның тоназытқышының сыйымдылығы – 1120 тонна. Жобаның құны – 1 млрд теңге.

Қоймаға температуралық режимді қамтамасыз ететін тоназытқыш агрегаттарының 8 жинытғы орнатылған. Жабдық өндіруші – түріктің «GanteK» компаниясы.

Қызылордадағы заманауи үлгідегі жаңа жылу-электр орталығы қуат тапшылығын азайтуға мүмкіндік беретін жоба екені белгілі. Жоспарға сәйкес 2025 жылы ел игілігіне беріледі. Қазіргі

уақытта жұмыс қарқынды жүруде.

Орталықтан кейін облыс әкімі сол жағалаудағы жайлы мектеп құрылысын да көрді. Өткен жылы басталған білім ошағы биыл пайдалануға беріледі.

«Білімді қолдау қоры» есебінен қолға алынған физика-математика мектеп-интернаты да аймақ басшысының назарынан тыс қалған жоқ.



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЕҢБЕК – ЕР МЕРЕЙІ



Кей жылдары тәжірибе алмасу мақсатында шетелге, Италияға және Ресейге іссапармен барып келді. Ондағы күріш сорттарын егу барысымен танысып, қай дақылды қалай орналастыруды зерделеп қайтты. Соның нәтижесінде қай ауылды басқарса да жоғары өнімділікке қол жеткізіп отырды. Тоқырау кезеңдерінде «Шіркейлі», А.Тоқмағамбетов, О.Мәлібаев, Қалжан ахун секілді шаруашылықтарға директор болып, ауылдарды қайта түлетті. Сол қиын-қыстау кезде аудандық ауыл шаруашылығы бөлімін басқарды.

Жанашылдық пен озық технологияны меңгеруге, заман ағымына сай үрдістерді үйренуге деген талапшылдық пен табандылықтың арқасында ауданда келген инвестор «Шапағат Лимитед» ЖШС директорының орынбасары, кейіннен директоры болды. Сол уақытта шаруашылықтардың жұмыстарын ширатуға, материалдық-техникалық базасын жақсартуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге көп күш салды. Түрлі техника-

өнім жинап, ел байлығын еселеді.

Елдің бірлігі мен ынтымағын сақтап, сәулетін дәулетіне сай етуге тырысқан Алдекең ауыл орталығынан наубайхана ашты. Биыл өз күшімен тұрмысы төмен 4 отбасына арнап, жаңа тұрғын үй салып жатыр. Жыл аяғына дейін тұрғын үйлер пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ең бастысы, несібе-нәпакасын еңбекпен арттырған ел Алдекең дән риза. Қазіргі кезде ауылдың келбеті, тыныс-тіршілігі ешқандай елді мекеннен кем емес.

Иә, ауыл шаруашылығының білікті маманы, іскер басшы, ұйымдастырушылық қабілеті зор, ғалым-агроном Алданберген Құлбаевтың осы кезге дейінгі қажырлы да табанды, жемісті еңбегі еленбей қалған жоқ. Әр жылдары ауыл шаруашылығын дамытқаны үшін «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерімен және «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Былтыр саланы дамытуға зор үлес қосқаны үшін «Парасат» орденін кеудесіне тақты.

Ел үшін ерен еңбек етіп, талай шаруашылықты қайта түлеткен Алдекең ағамыз жеңгеміз Күлзәйнеппен ұл-қыз өсіріп, қазір олардан немере-шөбере сүйіп отырған өнегелі отбасы.

Жастайынан шындалып, ауыл шаруашылығы саласына айрықша еңбек сіңірген, білімді де, іскер басшы Алданберген Құлбаев ағамыз – таза да адал қызметімен мерейлі болған тұлға.

Бүгінде Алдекең мал шаруашылығын дамытуға да айрықша көңіл бөліп келеді. Қалжан ахун ауылында мал бағып, оны көбейтуге күш салауда. Табиғи шөп, жонышқа, жем дайындайды. Сонымен қатар екі ауылдың тұрғындары көкөніс, бақша дақылдарын егуге де ден қойып, жыл сайын қартоп, сәбіз, қауын-қарбыз, басқа да дақылдар мен қысық азық-түлігін дайындайды.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауылдағы №131 орта мектептің ауласын тазарту шарбақпен қоршап берді. Ардагерлерге көмек көрсетіп, жастардың мәдени-спорттық шараларына демеушілік жасайды. Халықтың әл-ауқатын арттыру үшін әр отбасы жағдайын әрдайым бақылап отырады.

Елдің ықыласы мен қошеметіне, ыстық ілтипатына бөленген Алдекең биыл да егін жинау науқанын табысты аяқтап, ел несібесін еселеуге түп-түгел дайын отыр.

«Қызылдиқан» шаруа қожалығын құрып, іске кірісті.

Мейрамбек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ, Сырдария ауданы



Жарқын жол

«Ескіұра» – есігінің алдында айнадай жарқырап Райым көлі, батысында сылаңдап Сыр өзені ағып жатқан, ал шығысы ең жайлау, далаған даласы бар қасиетті де құтты мекен. Осы атақоныста талай атақты да абыройлы азаматтар туып-өсіп, халқына, елге қызмет етіп, құрметке бөленді. Аты ауданнан асып, аймаққа тарады. Солардың бірі – Жолкелді Нұрадинұлы Тілеуімбетов.

там, ой, айналайндар, осылай келіп тұрсандаршы, – деп Жөкең құр атқа мінгендей желпініп, жеңілденіп қалды.

Әңгіме тамақ үстінде де таусылатын емес.

– Жөке, аға, қалай, өміріңізге разысыз ба, ел-халқының жағдайы, тіршілігі қалай? – деймін тағы да.

– Ризамын, өміріме еш өкпем жоқ. Бағайда үлкендеріміз айтатын, бұл «Ескіұра» құтты мекен, үлкейеді, жақсарды деп. Құдайға шүкір солардың айтқаны келді ғой. Сегізжылдық заулім, жаңа мектебіміз бар. Қанша адам сонда жұмыс істеп, күн көреді. Жол да салынды, су да тартылды, жарық, телефон екібастан бар. Мал бағасын ба, балық аулағын ба, шөп шабасын ба, тіршіліктің көзі көп. Ал осы жердің «Ескіұра» деп аталғанын білесіңдер ме? – деп бізге қарады.

«Айта беріңіз» деп ишара білдіргенімдізден соң әңгімесін одан әрі жалғастырды.

– Ертеректе осы жерді мекендеген адамдар сонау «Ақшоқыдан» бермен қарай көл жағалай етектеп егін екен. Қыстай жейтін, артылған астығы мен тұқымдық дәнді су бармайтын құмды құраға ұя қазып сонда көміп сақтайтын болған. Бұл бара-бара үрдіске айналып, ескі ұра, яғни «Ескіұра» атанып кетті. Міне, біздің үлкендерден естіген әңгімесіміз осындай.

Құдайға шүкір, жаман емеспіз. Осында бір адамдай еңбек етіп, бір адамдай өмір сүрдік. Мына апаң екеуіміз алты перзент көріп, оларды өсірдік, өндірдік. Қолымыздан келгенше оқыттық. Бәрі де үйлі-баранды, солардан немере-шөберелеріміз бар. Апаң екеуіміздің тілейтініміз – солардың амандығы. Ел-халқымыздың тыныштығы. Басқа не айтпайын, аман болындар, талаптарың оң, сапарларың сәтті болсын. Осылай келіп тұрсандаршы, айналайндар. Бүгін бір әңгімесіңіз жаксы болып қалдым ғой, – деп ағынан жарылып алғысын білдіріп жатыр. Сырқаттанып жүрсе де сыр білдірер емес.

Айыз қандыра әңгіме айттып, жаксы жайлаған ағамыз бен апамызға біз де жүрек тұкпірінен жарып шыққан шынайы тілегімізді айттып, сыртқа беттедік. Үйден аттап шықсақ, көзге шалынатын – әйгілі Жетес бидің көрікті кесенесі тұрған әдемі қоршаулы ауыл бейіті. Мұны 1970 жылдары тікенді темір сыммен бірінші болып қоршаған Жөнәлі атамыз бастаған ауыл ақсақалдары еді. Мұнан кейін Мұрат демеушілік жасап барлық қажетті жабдықтарды әкеліп тастады. Жолкелді ағамыз қасына ауылдың оншақты жігітін ертіп, ортасына темір тұр жүргізіп, оның асты-үстін шірмейтін сырлы темір қанықтырмен көмкеріп, көз тартарлықтай қоршап шықты. Кезінде тірілерге де тік тұрып қызмет ете білген Жолкелді осылай өмірлерге де өшпестей өнегелі қызмет ете білді.

Ауылдың адамдары-ай, неткен дарқансыздар. Жолкелді ағаның жарқын жолы, сол жолдағы ауыл адамдарының ақжарқын бейнелері, әсерлі әңгімелері мен тату-татті тіршілігі көңілге көгершірініп алып, сәл тыныстады.

– Әзілдері де жарасатын, айқайға бергісіз әңгімелері де жарасатын ақсақалдардың бәрі кетіп болды. Әй, балалар, тамақ та болып қалды ғой. Айта берсек, әңгіме көп қой, бүгінге болар, тағы келесіңдер, тағы ай-

Ата-бабалары да осы ежелгі қоныста туып-өскен. Ол дүниеге келген 1938 жылы фин соғысы басталып, оған отбасы мен нағашыларынан сайлы жігіттер алынып кеткен-ді. Сол балаларымыздың жолы болып, елге аман-сау оралар ма екен деп, оны атын Жолкелді қойған.

Балдәурен балалық шағын осында өткізіп, көлінде жүзді, қармағын, ауын салып, балығын аулады, құсын атты, пішенін орды, малын бақты, осылай ойыны мен тіршілігі қабат жүріп, ерте есейді. Осындағы соғыс ардагері Самырат Жүсіпов ағайы ұстаздық ететін бастауыш мектептен тәртіптілікпен дәріс алып, оқуын көлдің арғы бетіндегі Райымды жеткізді мектепте жалғастырды. Одан әрі «Қамбаштағы» онжылдық мектептен орта білім алып шықты. Бұл 1958 жыл болатын. Мектепте қатарының алды болып, жаксы оқыды, үздік атанды. Бірақ, үйде балалардың үлкені болғандықтан жоғары оқу орнына бара алмай, әкесіне көмекші, бауырларына қамқор болу үшін ерте еңбекке араласты.

Бұл кездері «Ескіұрада» қамыс зауыты ашылды, жұмыс істеп тұрған. Жолкелді ауыл адамдарына қосылып, жұмысшы атанды.

Осында жұмыс істеп жүріп шоферлік курсты бітіріп, зауыттың машинасын айлады. Қазалы ауыл шаруашылығы техникумын сырттай бітіріп, механик қызметіне ауысты. Сақтаған ақсақалдың Орынбике есімді қызына үйленіп, үйлі-баранды, ұл-қызды болып, жарасқан отбасы құрып, үлкен шаңырақ иесіне айналды.

Әзім де осы жерде туып-өскен соң, анда-санда ат басын бұрып тұрмақ. Келсем Жолкелді ағаға сұқпай кетпеймін. Өйткені бұл үйдегі Орынбике әжемнің өкіл болып отырған. Көзі тірісінде туған қызындай сыйласып өтті. Сондықтан Орынбике менің апам да, Жолкелді жезделем болып келеді. Бірақ жезде деп өмірі айтқан емеспін, аға деп кеттік.

Туған жерге көптен ат ізін салмаған едім. Күзге салым қасында Алмағамбеттің Бектасы бар, соның жеңіл көлігімен «Ескіұраны» бетке алдым. Жолкелді ағамыз соңғы кездері сырқаттанып жүрген, ойымда көңілін сұрап, әңгімелесіп қайту. Біз кіргеннен ағамыз төсектен басын көтеріп: «Ой, айналайндар-ай, келдіңдер ме?» деп қуана қарсы алып жатыр. Жөкеңнің әдеті, сөзінің басы «айналайыннан» басталатын. Төрге төсек салғызып, Орынқұл апам: «Әй, шәй әкеліңдер, қазанға тамақ салыңдар» деп тәртіп беріп жатыр.

Жағдай сұрасып болған соң, ашылып әңгімеге көштік.

– Жөке, ауылдағы қамыс зауыты қалай жабылып қалды? – дедім өткенді ойға оралтып.

– Ол былай болды ғой. Біз қамысты №94 развезден ашық вагонға тиейтінбіз. Кейіннен теміржолдың мамандары «бұл – өрт қауіпсіздігі ережесіне қарсы» деп жібермей қойды. Сонымен бірге картон комбинаты

Ақмақ болсаң шақыммақ. Ей, Тиынша, Тиынша, Басыңда бар ма мынша? Басыңда бар ма мынша Мына адамдарды отырған, Үйіне бар да жыныша! – дегенде, тыңдап отырғандар «О, Ерен жеңді, Ерен жеңді! Әй, Тиынша, мынаның айттып отырғанын білдің бе, сөз бітті, енді сенің үйіне барамыз» деп алқалы топ Тиыншаның үйіне барыпты. Ол кезде Тиынша наубайханада істейді, өзгеге қарағанда үйінде баршылық. Соны біліп, жаксы тамақ ішіп, көңілді отырсынақ құру үшін ауылдастардың істеген әрекеттері екен ғой. Осындай да болған, айналайндар, – деп Жолкелді аға бір жөткірініп алып, сәл тыныстады.

– Әзілдері де жарасатын, айқайға бергісіз әңгімелері де жарасатын ақсақалдардың бәрі кетіп болды. Әй, балалар, тамақ та болып қалды ғой. Айта берсек, әңгіме көп қой, бүгінге болар, тағы келесіңдер, тағы ай-

Жұмабай ЖАҚЫП, Қазақстанның Құрметті ақсақалы.

АУЫЛДАРДЫ ТҮЛЕТКЕН ТҮЛҒА

Сыр еліне жарқын істерімен жаксы танымал, бүкіл ғұмырын ауыл шаруашылығын дамытуға арнап келе жатқан білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, ғалым-агроном Алданберген Құлбаев ағамыз биыл 75 жасқа толғалы отыр. Оның ғұмыры ғибратқа толы, ел үшін сіңірген еңбегі ушан-теңіз. Алдекең әлі де бір емес, екі ауылдың шаруашылығын шалқытып, берекесін тасытып келеді.

лармен жабдықтап, ел жағдайын көтеруге ықпал жасады.

– Ауылдың бір топ ақсақалдары мен азаматтары келіп, шаруашылық басқаруға қолқа салғанда көп ойландым, – дейді Алданберген ағамыз өткенді еске алып. Тұралап қалған шаруашылық, жөні түзу бірде-бір техника жоқ, мамандардың барлығы жан-жаққа нәпақа іздеп кеткен. Әйтсе де халықтың жағдайы қатты толғандырды. Сонымен тәуекелге бел байлап 2008 жылы О.Мәлібаев ауылына келіп, «Қызылдиқан» шаруа қожалығын құрып, іске кірісті.

Ауылға жанашыр азамат Б.Мақашев сынды инвестор тапты. Шаруашылық техникаларын, комбайн, тракторларды жанартты. Облыс көлемінде некен-сақ кездесетін астық қоймалары, қырманы, гаражы, кенесесі, асханасы, өндірістік цехтары, яғни барлық қажетті ғимараттары бар агроөнеркәсіптік кешен салды. Бүгінде оның игілігін жергілікті халық көріп отыр.

Білікті де іскер Алдекең жаксы мамандарды, механизатор, дикандарды жинақтап, ауылдың ажарын кіргізді. Жыл сайын жоғары өнім алып, қожалықтың құш-қуатын арттырды. Небәрі 800 гектардың о жақ бұ жағындағы жердің әр гектарынан 50-60 центнерден

мандр ұстаханасы» деп аталды. Себебі сол жігіттер аудан, облыс көлеміндегі басшылық қызметтерде өзін көрсетіп, нағыз еңбекпен шындалып, ел үшін қызмет ете білетінін дәлелдеген болатын.

Шаруасы шатқаяқтаған ауылдарды аяғынан тік тұрғызып, қайта түлеткен Алдекең қай елді мекенге барса да ең әуелі халықпен тіл табысты. Өзі ісіне, жұмысына берік мамандарды, механизатор мен дикандарды таңдап алды. Өзі де үлгі көрсетіп, қатаң тәртіптің адамы екенін танытты. Еңбек өнімділігін арттыруға, үнем мен ұқыптылыққа айрықша ден қойды. Соның арқасында Сырдария ауданында маман-қарлар, жас басшылар жетіліп шықты. Бүгінде басшылықта жүрген жігіттердің дені Алдекеңнен тәлім-тәрбие алған, темірдей тәртібінен өткендер.

Агрономдық қызмет атқарған шағында озық шаруашылықтардың тәжірибесін зерттеп, білімін жетілдіріп отырды.

Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін кімдер қолдана алады және артықшылықтары!

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің 02.09.2024 жылғы халыққа Жолдауында «Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, онтайландырып жөн. Бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде айтуға болады. Осы нормаға сенім артқан кәсіпкерлер қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты» деп тоқталып өткен еді.

Осы тұста, 2023 жылдың 1 қаңтарында Салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, бөлшек салықтың арнаулы салық режиміне (әрі қарай – АСР) өзгерістер енгізіліп, қолданылуы қайта басталған болатын.

Бөлшек салықтың АСР салық төлеушілерінің салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны 200 адамнан және күнтізбелік жылдағы табысы айлық есептік көрсеткіштің 600 000 еселенген мөлшерінен аспайды (2024 жылы – 2,2 млрд теңге);

Осы рәсімді қолдану мақсаттары үшін ҚР Ұкіметі айқындаған қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін ғана жүзеге асыратындар қолдануға құқылы, яғни экономикалық қызметтің жалпы тізбегі негізінен жеке тұлғалар үшін тауарларды сатуға және қызметтер көрсетуге бағытталған 190 қызмет түрі кіреді. Оның ішінде бөлшек сауда, автомобильдер, киім-кешек пен жиһазды жөндеу, ағаш өңдеу, сырлау және сылақ жұмыстары, жолаушы тасымалы, сондай-ақ қоғамдық тамақтану және т.б.

Құрылтайшысы немесе қатысушысы бір мезгілде бөлшек салықтың АСР қолданатын басқа заңды тұлғаны құрылтайшысы немесе қатысушысы болып

табылатын заңды тұлғалар бөлшек салықтың АСР қолдануға құқылы болып табылмайды.

Сондай-ақ бөлшек салықтың АСР қолдану кезінде КТС/ЖТС ставкалары:

- 4% ҚР және одан тыс жерлерде салық кезеңі үшін алынған (алынуға жататын) барлық кірістер бойынша. Бұл ретте жергілікті өкілетті органдардың бөлшек салық ставкасының мөлшерін 50%-ға, яғни 4%-дан 2%-ға дейін төмендетуге құқығы бар. Ставкі мөлшерін төмендету туралы шешімді, ол енгізілген жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей жергілікті уәкілетті орган қабылдайды.

Бұл туралы Қызылорда облысы бойынша жергілікті уәкілетті органдар мөлшерлемесін мөлшерін төмендету туралы шешім қабылдап, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыса енгізілді.

КТС/ЖТС-ын есептеу үшін шығыстар сомаларын шегерімге жатқызу бойынша осы Кодекстің 242-б. 3-2-т. нормаларын қолданатын салық төлеушілерге тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден алынған кірістер бойынша – 8 %. Бұл ставкінің мөлшерін төмендетуге жатпайды.

Біздің негізгі міндетіміз – салық төлеушілерге барынша қолайлы жағдай жасау. Бөлшек салықтың арнаулы салық режиміне қатысты қандай да бір халыққа ыңғайлы тетігін қарастыру жолында тиісті жұмыстар атқару үздіксіз дами бермек.

Әділбек Ергалиұлы БЕКІШЕВ, Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары

Іздеу салады

Қызылорда облысы, Шиеді ауданы, Балаби ауылының тұрғыны болған, 1964 жылдың 15 ақпанында туған Мухамеджанов Муталип Алимжановичті хабаршысыз кетуіне байланысты зайыбы Тлеуова Ултай Маликовна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2024 жылдың 29 тамыздағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 87782728864, 87754050506.

Облыстық қоғамдық даму басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің облыс бойынша меншікті тілшісі, әріптесіміз Мұрат Ақманұлы Жетпісбаева ағасы Айтұған Ақықұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



«ӨРІМТАЛ» – өнерлі өрендер мекені

Қазалы ауданында жүзжылдық тарихы бар балабақша жұмыс істеп тұр. Ол білім мен тәрбие ұғымдарының біте қайнасқан ордасына айналған!

№3 «Өрімтал» бөбекжай-бақшасы Қазалы қаласында орналасқан. Тарихына үнілсек, 1925 жылы 15 орындық бөбекжай түрінде ашылған. Әуелгіде қазақ, орыс, корей, өзбек, балалары тәрбиеленген. Тек 2022 жылдың желтоқсанында жаңа типтік ғимаратқа көшіріліп, жергілікті балғындар жаңа жыл қарсаңында ерекше сыйға бөленді. Ғимараттың ашылу рәсімінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев елімізде Президент қолдауымен мемлекет тірегі, ұлт болашағы саналатын балалардың өсіп, оқып, білім алуы, азамат болып қалыптасуы үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті. Сол айтылғандай, қазіргі күні мұнда тәрбиеленушілердің шығармашылық, танымдық, коммуникативтік, физикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған үйірмелер жұмыс істеп тұр. Іші заман талабына сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Хореограф, музыка, денешынықтыру жетекшісі, психолог, логопед мамандар жетекшілікте. Озық іс-тәжірибелеріміз аудан, облыс, республика көлемінде қолданылып келеді. Білікті, талантты қызметкерлеріміз бен өнерлі тәрбиеленушілеріміз түрлі долларлар топ жарып жүр, – дейді балабақша меңгерушісі Рабиға Қарымсақова.

Атап айтқанда, «Ерте жас-тан бастап балаларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдысын ойын арқылы қалыптастыру» атты облыстық онлайн вебинарда балабақшаның педагог-тәрбиешілері облыстық оқу орталығының сертификаттына ие болды. Тағы бірқатар педагог Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Қазақстандағы қазіргі мектепке дейінгі білім тәжірибесі, жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, сертификат иеленіп, іс-тәжірибелері жинаққа енді. Жеке балабақшалар арасындағы «Жасыл әлем – балабақшада» атты жоба кезінде «Өрімталдың» өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік туы. Жоба балаларға жастайынан экологиялық білім беру, оларды табиғатты қорғауға баулу, экологиялық сауаттылықты арттыруға көмектеседі. Ата-аналармен бірге көшет отырғызу нәтижесінде балабақша ауласы жайнап тұр. Балалар ауладағы бақшада көкөністерді күтіп-баптауды, еңбектенуді үйренуде.

Нәзірке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ҚОЛДАУ

ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР ШИПАЖАЙ

Коронавирус салдарынан болар, кейінгі жылдары ардагерлер қауымының шипажайларда дем алуы мен ем алуына тоқтам болды. Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен қайтадан көңіл аударыла бастады. Ардагерлердің қай-қайсы да облыс, аудан өкімдігінің құрметі мен марапатынан кенде емес. Бір ғана деректі айтайын.

Облыс әкімінің ұсынысымен, бір топ белгілі азаматтардың демеушілігімен жақында 140 ардагер еліміздің аймақтарындағы шипажайларда дем алып, ем алып қайтты. Нақтылай айтар болсам, Байқоңыр қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш аудандарының 48 ардагері «Жаңақорған» шипажайында, Жаңақорған, Шилі, Сырдария аудандарының 38 ардагері «Меркеле», Қызылорда қаласының 20 ардагері «Манкент» шипажайында демалып қайтса, қызылордалық 32 ардагер «Сарыағаш» шипажайында демалып жатыр. Осыған орай облыс басшылығына ардагерлер қауымының айтар алғысы шексіз.

Қызылордалықтар қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шахизат Төребаевтың басшылығымен «Манкент» шипажайында шұақты күндер өткізді. «Манкент» шипажайында емдеудің минералдық және табиғи-климаттық түрлерінің шексіз мүмкіндіктері ұсынылған. Бір байқағанымыз, мұнда минералды су, таңғажайып табиғат, жоғары дәрежелі мамандар мен дәрігерлер, жаңа жайлы тұрмыстық жағдай, ас мәзірінің сан алуан түрі бар. Тарихи орындарға іргелес қоныстанғандықтан қазақстандықтар



ғана емес, ТМД елдері тұрғындарының ең сүйікті демалыс және емдеу орнына айналған.

Тарихи деректерге жүгінер болсақ, 1922 жылы Шымкент округтік атқару кеңесі «Аксу» ауылының аумағынан демалыс үйін ұйымдастыру үшін 225 гектар құнарлы жер бөлуге шешім шығарған. Демалыс үйінің құрылысы 1923 жылы басталып, 1924 жылы пайдалануға беріліп, бір мезгілде 70 адам демалуға мүмкіндік алады. Ал 1944 жылы мұнда бір мезгілде 120 адамға мүмкіндік жасалса, бүгінде 900-ге жуық адам демалады.

Кәсіподақтардың республикалық ке-

ңесі «Манкентті» пансионат етіп қайта құруға қаулы қабылдап, 1984 жылдың қаңтарынан бастап жұмысына кіріседі.

– 1992 жылы шипажай ретінде жұмысын бастаған, – дейді «Манкент» шипажайы» АҚ бас директоры Х.Қорғанов, – 1994 жылы ашық акционерлік қоғам болып құрылды. Осы жылы шипажайдың ашылғанына 100 жыл толып отыр. Мұнда келушілердің дем алуы мен ем алуына барлық жағдай жасалған.

Иә, директор айтса айтқандай, мұнда ағаштың алуан түрі – қылқан жапырақты, сәндік ағаштар, ақ қайың, үйеңкі, тағы басқа да адамға сергектік сыйлайтын өсімдіктер өседі. Шипажайдың

аумағы жеміс ағаштарымен көмкерілген. «Манкент» шипажайының емдеуі, сол арқылы сауықтыруы өте ерекше. Атап айтар болсақ, минералды ваннасы, су астында душпен ұзу (массаж), механикалық және колмен ұзу, булау, тағы да басқа емдеу шаралары келушілерге жайлылық сыйлайды. 1210 метр тереңдіктен шығатын минералды судың тигізер септігі орасан зор екен. Құрамында адам ағзасына қажетті көптеген компоненттер бар.

– Жүрек қызметін тексеретін, дәрі шоптер ерітіндісін тыныс жолдарына жіберетін, электрмен массаж жасайтын, балауызбен қыздыратын ем-шаралары өте тиімді, – дейді белгілі дәрігер Тұрғанбай Маханов.

– Маған, аяқ-қолға бөлек-бөлек берілетін ванналар, су бүркіктің сан алуан түрі, сумен жасайтын массаж, қанды, зәрді, өтті, асқазанның қышқылдығын тексеріп, асқазанды, өт жолдарын жуатыны, электрлі үйке беретін ерекше әсер етті, – дейді еңбек ардагері Жәми Жәниязов.

Жоғарыда айтқандай, 1210 метр тереңдіктен шығатын шипалы су әсері аса жоғары екен. Судың түсі аздап сарғыштау, жағымсыз иісі не дәмі жоқ. Курортология институты зерттеулерінің қорытындысы бойынша бұл су сульфатты-хлорлы-натрийлі, минералды шипалы жылы сулар қатарына жатады. Сондай-ақ құрамында денсаулыққа аса пайдалы күкірт, натрий, йод, бром, тағы басқа да элементтері бар.

Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист.
Қызылорда-Манкент-
Қызылорда

КҮРІШ ОРАҒЫ ЖАЛҒАСУДА

Бүгінде ала жазды тынбай еңбек еткен шаруалар егін жинау, мал азығын дайындау науқанын өткеруде. 9 қыркүйектегі мәлімет бойынша, шаруашылық құрылымдары күндізге алынып 47,9 мың гектар ескі жоңышқаның 2,5 мың гектарын тұқымға қалдырып отыр. Бірінші орыннан 121,3 мың тонна жоңышқа дайындалды, орта өнім гектарына 26,7 центнерден алынды. Қазіргі таңда екінші орымы аяқталып, 113 мың тонна жоңышқа жиналды, орта өнім 25 центнерден келді. Сонымен қатар, 20,6 мың гектар жаңа жоңышқа толығымен жиналып, 19,8 мың тонна өнім алынды. Орта өнім – гектарына 9,6 центнер. Еңбеккерлер 1,3 мың гектар сүрлем жүгерінің 155 гектарынан 702 тонна, 4,1 мың гектар

күздік бидайдан 7,5 мың тонна, 5,3 мың гектар жаздық бидайдан 4,9 мың тонна, 287 гектар арпадан 185 тонна, 1 мың гектар дән жүгерінің 875 гектарынан 3,1 мың тонна, тарыдан 360 тонна, майлы дақылдан 4,6 мың тонна, картоп, көкөніс, бақша дақылдарынан 95,9 мың тонна өнім алды.

Қазіргі кезде күріштің 12 мың гектары орылып, 7,9 мың гектары бастырылды, 36,5 мың тонна өнім алынып, орта өнім гектарына 46,2 центнерді құрады.

Бүгінде ауыл шаруашылығы тауарондірушілерінің қолда бар 440 техникасы күзгі егін жинау науқанына қатысуда.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

1-бет.

ЖАСТАРҒА КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйымдастыруымен «Қауіпсіз орта – қауіпсіз болашақ» жастар ақциясы өтті. Шараға облыстың белсенді жастары, мемлекеттік органдар мен шығармашылық, қоғам өкілдері қатысты.

Басты мақсат – жастарға қаржылық сауаттылық негіздерін үйрету, алаяқтықтың алдын алу, құмар ойындары мен заңсыз ойын бизнесіне тұсау салу.

– Бұл шара өңір үшін ғана емес қоғам үшін маңызды. Себебі лудомания – адам өмірінде негативті тұрғыдан басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, көсібі, материалдық тұрғыдан және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы. Сондықтан онымен қоғам болып күресуіміз қажет. Бүгінгі шарада осы мәселе кеңінен қозғалмақ. Қатысушыларға кішкене болса да ой сала алсақ, біздің мақсаттың орындалғаны, – дейді департамент басшысы Аслан Кенесұлы.

Шара барысында психолог, жастар көшбасшылары түрлі кенес берді. Мәселен, «Сеніммен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының психологі Жұмақұл Баянова тәуелділіктің себептері мен салдары туралы, облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Қорған Өтеген жастардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына ықпал ету мақсатында атқарылған жұмыстарды баяндады. Кеш соны мерекелік концертке ұласты.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

1) Жобалардың атауы:

- 2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ объектілерінен атмосфералық ауаға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындары нормативтерінің жобасы;

- 2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ объектілерінен ластанушы заттардың рұқсат етілген төгінділері нормативтерінің жобасы;

- 2025 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;

- 2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;

- 2025 жылдарға арналған «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ қалдықтарын басқару бағдарламасының жобасы.

2) Аумағында ықпал етілуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі:

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ келісім-шарттық аумағы (Құмкөл және Шығыс Құмкөл кен орындары) Торғай ойпатының оңтүстік бөлігінде орналасқан және әкімшілік жағынан Қазақстан Республикасы Ұлытау облысы аумағында орналасқан.

Бұл – су артериялары мен тұрақты елді мекендері жоқ дала ауданы. Ең жақын елді мекендер Қызылорда қаласы (180 км.) және Жезқазған қаласы (280 км.) болып табылады.

3) Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты:

Қызылорда қаласы, Ш.Есенов көшесі, 1 А («ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас кеңесі), 2024 жылғы 18 қазан, сағат 10 сағат 30 минут.

4) Көзделіп отырған қызметтің бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ ЕК және ҚОК бөлімінің бастығы Елубаев Мәрат Исатайұлы

e-mail: myelubayev@turgai.kz

Телефон: (7242) 26-15-17; 27-18-74

5) Жобаларды жасаушылардың деректемелері мен байланыс деректері:

«Алия и Ко» ЖШС, Қазақстан Республикасы Занды және нақты мекен жайы:

Ақтөбе қаласы, Сәндібай батыр көш 74В

Тел.: 8 (7132) 950-299; 755-902

aliya_pt80@mail.ru

Директор Баудиярова Гульсум Қожахметовна

6) Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме және қоғамдық тыңдауларға шығарылған материалдармен, ал кейін жарияланған қоғамдық тыңдау хаттамасымен танысуға болатын ресми интернет-ресурс:

https://ecportal.kz/Public/PubHearings/

7) көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен жайы және телефон нөмірі (-лері):

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ ЕК және ҚОК бөлімінің бастығы

Елубаев Мәрат Исатайұлы

e-mail: myelubayev@turgai.kz

Телефон: (7242) 26-15-17; 27-18-74

8) қоғамдық тыңдауларға шығарылған құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жазбана немесе электрондық нысанда жібере алатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның электрондық мекен жайы мен позитивтік мекенжайы:

1. Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1

Байланыс телефондары + 7 (7242)60-53-62, 60-53-69

E-mail: Prd@korda.gov.kz

«Сыр бойы» ақпараттық агентінен де (сайттан) оқыңыз

www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 теліміне хабарласуға болады.